

## Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын баспасөз басылымдарын бөлшектеп сатудың ережелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысының әкімдігінің 2005 жылғы 27 қазандағы N 228 қаулысы. Алматы облыстық әділет басқармасында 2005 жылғы 2 желтоқсанда N 1952 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 18 қаңтардағы N 6 қаулысымен

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 18.01.2013 N 6 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңының 14 бабындағы 2 тармаққа сәйкес эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын сатуды реттеу мақсатында облыс әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын облыс аумағында бөлшектеп сатудың қоса беріліп отырған Е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Облыстың қалалары мен аудандарының жергілікті атқарушы органдары эротикалық сипаттағы мерзімді баспасөз басылымдарын сатуға арналған тұрақты үй - ж а й л а р д ы б е л г і л е с і н .

3. Осы қаулы баспасөзде алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің кеңесшісі С. Мұқановқа жүктелсін.

Облыс әкімі	С. Үмбетов	
2005 жылғы	27 қазандағы	N 228
"Эротикалық материалдарды баспасөз бөлшектеп бекіту Алматы қаулысымен бекітілген	сатудың	сипаттағы жариялайтын басылымдарын Ережесін туралы" әкімдігінің

# **Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын бөлшектеп сатудың Ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Заңындағы 14 баптың 2-тармағына сәйкес жасалған және эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын баспасөз басылымдарын Алматы облысы аумағында бөлшектеп сатуды ретке келтіруге бағытталған.

2. Осы Ереже эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарының барлығына қатысты.

3. Осы Ережеде төмендегі ұғымдар пайдаланылған:

1) Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдары - тұтас алғанда және үнемі секске әуестенушілікті қаузайтын б а с п а с ө з б а с ы л ы м ы ;

2) Тұрақты үй-жай - іргетасы мен қабырғаларына нұқсан келтірместен бұзуға келмейтін ғимарат, құрылыс немесе оның бір бөлігі.

## **2. Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын сату**

4. Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдары арнайы белгіленген тұрақты үй-жайларда сатылады.

5. Эротикалық сипаттағы материалдарды жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдары мөлдір ораммен буылып-түйілген күйінде ғана сатылады.

6. Тұрақты үй-жайлар аудандық, қалалық (облыстық бағыныстағы) әкімдіктердің қаулыларымен белгіленеді.

7. Б а с п а ө н і м д е р і н :

1) жасы он сегізге толмағандарға;

2) мемлекеттік мекемелердің, мәдениет, денсаулық сақтау және білім беру мекемелерінің аумағында орналасқан және оларға радиусы 100 метр болатын ж е р л е р д е ;

3) сәулет және тарихи ескерткіштер маңында;

4) қоғамдық көлікте, адамдар көп жиналатын демалыс орындарында, дүңгіршектерде, шатырларда, ларектерде, лотоктарда, автомашиналарда және қолдан сатуға, таратуға тыйым салынады.

*департаментінің директоры*

*І ш к і с а я с а т*  
*К. Жәйшібекова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ